


# ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ АРДАГЕРІ

*Мал індетке ұшыраған да ғалым мен мал дәрігерінің қадірін біліп жатамыз. Ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз қылатын мамандар мен ғалымдар арамызда жүр. Солардың бірі – «Эпизоотология, паразитология және ветеринарлық санитарлық сараптау» кафедрасының меңгерушісі, ветеринар ғылымдарының докторы, профессор Шалменов Мәлік Шалменұлы мерейлі алпыс бес жасын ғылыми және педагогикалық қызметіндегі елеулі еңбектерімен қарсылауда.*



«Еңбек бәрін де жеңбек» дегендей, Шалменов Мәлік Шалменұлы да өмір бойы тынбай жұмыс жасады, еліне қызмет етті. Білікті маман, білімді ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде ветеринарлық тәжірибе, ғылым және білімді өркендетуге зор үлесін қосып, айтарлықтай атсалысып келеді. Өзі оқыған Қаратөбе ауданындағы Егіндікөл орта мектебінің 3 оқушысына өзінің атынан шәкіртақы тағайындаған. Қазіргі таңда болашақ білімді мамандар мен магистранттарға сапалы білім беруді ұйымдастырып, дәріс оқып, тәлім-тәрбие беріп жүр.

1948 жылдың 28 ақпанында Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылында қарапайым жұмысшының отбасында дүниеге келген болашақ ғалымның әкесі Шалмен 1941-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, I, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерін кеудесіне тағып оралған майдангер, еңбек және соғыс ардагері, қоғамға еңбегі сіңген азамат болатын.

1963 жылы Егіндікөл сегізжылдық мектебін бітірер тұста мамандық туралы ойлана бастаған бозбала мал дәрігері болуға кеңес берген әке ақылын құп алып, Орал қаласындағы ауылшаруашылық технику-

мына оқуға түсті.

1967 жылы техникумды бітірген жас маман еңбек жолын «Егіндікөл» кеңшарында веттехник болып бастады. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылған жас жігіт үш жыл өзінің азаматтық борышын атқарып қайтқан соң, Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсті. Оқуға түскендердің 95 пайызы ауылдан келгендер еді. Дәрістердің барлығы орыс тілінде оқығандықтан, I-II курстарда оқу қиындау болды. Профессорлар дәрістерін есіктен кіре бастап, шығып кеткенше оқиды. Жазып үлгересің бе, үлгермейсің бе, оқығанын миыңа тоқып аласың ба, әлде түк түсінбей босқа қаласың ба, онда олардың шаруасы жоқ. Дейтұрғанмен профессорлар Е.Ф. Дымқо, З.К. Қожабеков, Б.П. Всеволодовтардың дәрістеріне студенттер қызыға қатынасағын. Доцент А.Жақашев анатомия пәнін тамаша жүргізетін. Үй жануарлары анатомиясына көп уақыт бөлуге тура келді. Студенттер сүйектерді жатақханаға ұрлап әкеліп, жаттап оқып жүретін, сүйекті ұстап, оның қай малдікі екенін және бүге-шігесіне дейін бір-бірінен сұрайтын.

1970-1976 жылдары Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында оқып, оны үздік бітіріп шыққан

жоғары білімді жас маман Қазақстанның Ауылшаруашылық министрлігінің бұйрығымен Орал облысына жолдама алады. Облыстық ветеринария бөлімінің бастығы Б.П. Черыкаев Батыс Қазақстан малдәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясының маман болмауы себепті бір жылдан бері жұмыс жасамай тұрған гельминтология бөліміне жолдама берді. Аталған бөлімді 1976-1987 жылдар аралығында басқарған М.Ш. Шалменов өндірістен қол үзбей жүріп, Москвадағы К.И. Скрябин атындағы Бүкілодақтық гельминтология институтының аспирантурасын 1987 жылы бітіріп, ветеринария ғылымдарының кандидаты атағын алды. Оған 1991 жылы жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен доцент ғылыми дәрежесі берілді.

1987-2006 жылдары Батыс Қазақстан малдәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясының директоры қызметін атқарды. Осы уақыт ішінде ол ғылыми зерттеулерді ұлғайтуға, ғылыми кадрларды дайындауға әрі баулуға, мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуға ат салысып, малдардың арасында тарайтын індеттік аурулармен күрес жолында жүйелі жұмыс атқарды. Осы уақыт ішінде 8 өнертапқыштық авторлық куәлік, ҚР 2 патенті алынды. Практикалық малдәрігерлік қызметіне мал ауруларына қарсы шаралар жөнінде 30 астам ұсыныспен нұсқау, 10 плакат әзірленді, ғылыми кадрларды даярлау жұмысы жандана түсті. 1987 жылдың желтоқсанынан 2006 жылға дейін 1 докторлық, 7 кандидаттық диссертация қорғалды.

Ғалымның 158 ғылыми еңбегі, соның ішінде 33 ғылыми әдістемелік нұсқау, ұсыныстар, 6 авторлық куәлік, 1 ҚР алдын ала патенті, 2 ҚР инновациялық патенті, 12 плакаты бар. Облыстық басылымдарда малдәрігерлік ғылымының басым бағыттарын ұйымдастыруға және дамытуға арналған қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалары жарық көрді.

2006-2010 жылдар аралығында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде эпизоотология, паразитология және ветеринарлық санитарлық сараптау кафедрасында профессор, ал 2010 жылдың қыркүйегінен

бүгінге дейін кафедра меңгерушісі болып жұмыс атқарады.

Бүгінгі таңда М.Шалменовтің ғылыми басылылығымен 2 магистрант, 1 кандидат шығарды, 1 докторант, 1 ізденушіге, 4 магистрантқа жетекшілік етуде. «Ғылым және білім» ғылыми журналының редакция алқасының мүшесі. Белсенді жұмысы үшін Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің, Қазақ МҒЗИ, Орал облыстық аумақтық басқармасының, Батыс Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Ветеринария саласын дамытудағы еңбектері үшін» медалімен марапатталды.

«Елінді, Отаныңды, халқыңды сүю, отбасыңда ұлғи болу» деген ұстанымды өмірдегі басты қағидасы етіп алған профессор шаңғы тебу, жүгіру, балық аулау, аңға шығуды, саяжайда жұмыс істегенді жақсы көреді. Қолға алған жұмысын жәнтәнімен беріле істейтін М.Ш. Шалменов еңбексүйгіштігі, қарапайымдылығы, ой өрісінің кеңдігі, қарапайымдылығы, іскерлігі, әділдігі, мейірбандығы, табандылығы, адамдармен тіл табыса алатын, оларды белгілеген мақсатқа жұмылдыратын, әсіресе, ұжымда шығармашылық қарым-қатынасты орнықтыра білетін тамаша қасиеттерінің арқасында Мәлік Шалменұлы шәкірттерінің, әріптестерінің, жора-жолдастарының арасында айрықша құрметке, лайықты беделге ие болды.

Білікті маман, білімдар ғалым, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі тәлімгер Мәлік Шалменұлы Шалменовтың ветеринарлық білім, ғылым және тәжірибесіне қосқан үлесі зор. Профессор М.Ш. Шалменовтің ғылыми мектебі өркендеп, тамырын тереңге жаюда, еліміздің кең даласына тарыдай шашыраған шәкірттері де ұлағатты ұстазының жолын қуып, бастаған істерін жалғастыруда. Бұл ұлағатты ұстаздың – Ұлы бағыты мен бақыты.

Болатқали ТӨЛЕБАЕВ,  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ доценті, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты.